

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында жүзу ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1999 жылғы 30 қарашадағы N 849-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 желтоқсанда N 1009 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 723 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 29.10.2012 № 723 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында жүзу ережелері (бұдан әрі - Ережелер), олардың кімге тиісті екеніне тәуелсіз барлық кемелер, құрамдар, салдар мен басқа жүзу құралдарына таралады.

2. Кейбір бассейндердің және олардың учаскелерінің ерекшеліктерін бейнелейтін жергілікті жүзу ережелері, сондай-ақ министрліктермен, ведомствалармен және ұйымдармен жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінде шығарылатын құжаттар осы Ережелерге қарама-қарсы болмау керек.

3. Кемелердегі жазбалар (литерлер және тіркеу нөмірлері) Қазақстан Республикасында Өзен кемелерін тіркеу ережелеріне сәйкес жазылуы керек.

4. Осы Ережелерде мына ұғымдар қолданылады:

кеме - адамдарды, жүктерді тасымалдау немесе су бетінде басқа жұмыстар орындау үшін әдейі арналған жүзу құралы;

өзі жүзетін кеме (механикалық қозғалтқышы бар кеме) механикалық қондырғымен қозғалысқа келтірілетін кез-келген кеме;

өздігінен жүзбейтін кеме - өз бетінше қозғалу үшін механикалық қондырғысы жоқ кеме;

жылдам кеме - су ығыстырғыштардан басқа, жылдамдығын 35км/сағатқа дейін дамытуға қабілетті кез-келген өзі жүзетін кеме;

шағын өлшемді кеме - ұзындығы 7 м кем кеме, ал ескекті кеме - мөлшеріне тәуелсіз;

желкенді кеме - кез-келген желкен астындағы кеме, соның ішінде механикалық қозғалтқышы бар, соңғысы пайдаланылмаған кезде;

сал - өзара қосылған бөренелерден, трубалардан және басқа заттардан тұратын, оларды сумен тасымалдау жасау үшін арналған жүзу құралы;

буксир құрамы - сүйрейтін кемені (кемелерді) қосып санағанда бір немесе бірнеше өзара жалғасқан, темір арқанмен сүйретілетін кемелер, салдар және басқа жүзу құралдары;

итеру құрамы - итеретін кемені (кемелерді) қосып санағанда бір немесе бірнеше өзара жалғасқан кемелер;

кеме ұзындығы, кеме ені, кеме отыруы және кеме биіктігі - оның ең үлкен сәйкес ұзындығы, ені, отыруы және биіктігі;

жүру барысындағы кеме - зәкірде тұрмаған, жағаға, айлаққа қойылмаған және қайырда тұрмаған кез-келген кеме;

қауіпсіз жылдамдық - қалыптасқан жағдай талап ететін ара-қашықтық шегінде қауіпсіз қозғалысты, маневр жасауды және тоқтауды қамтамасыз ететін таңдап алынған жылдамдық;

ең аз жылдамдық - берілген шарттар мен жағдайларда басқаруды сақтайтын кеменің ең аз жылдамдығы;

айырылу - қарама-қарсы қозғалыс кезінде кеменің басқа кемеге қатысты маневр жасап өтуі;

өткізу - кемелердің ең болмағанда біреуі тоқтап немесе жылдамдықты ең аз жылдамдыққа дейін түсіретін айырылудың жеке түрі;

айналым - кеменің кері жолға бұрылуы;

кеме жолы - кемелер қозғалысы үшін арналған, жерде және (немесе) сызбада белгіленген ішкі су жолдарындағы су кеңістігі;

кеме жолының жиегі - кеме жолын ені бойынша шектейтін шартты сызық;

кеме жолының осі - кеме жолының ортасында өтетін немесе навигациялық белгілермен белгіленген шартты сызық;

қозғалыс белдеуі - кеме жолының оның осі мен оң немесе сол жақ жиегі арасындағы бөлігі;

негізгі кеме жолы - берілген аудандағы басқа кеме жолдарына қарағанда негізгі болып саналатын кеме жолы;

қосымша кеме жолы - негізгі жолдан тарайтын және жағаға, рейдіге, айлақтарға, шығанақтарға және т.б. жақындап келу үшін арналған кеме жолы; тармақтың негізгі кеме жолы, осы тармақ құйылатын өзеннің негізгі кеме жолына қатысты алғанда қосымша болып табылады; сондай-ақ негізгіден тарап, кейін қайта қосылатын кеме жолы да қосымша болып табылады;

жоғары жүріп бара жатқан кеме - мынадай қозғалысты жүзеге асырушы кеме: өзендерде - сағасынан басына қарай; негізгі және негізгімен қосылатын қосымша кеме жолындағы су қоймаларында - бөгеттен тіреулерді сыналау аумағына қарай, басқа қосымшаларда - негізгі кеме жолынан жағаға қарай; арналар мен өзендерде - жергілікті ережелер бойынша қабылданған шартты ағысқа қарсы; төмен жүріп

бара жатқан кеме - жоғары жүріп бара жатқан кемеге қарама-қарсы бағытта қозғалысты жүзеге асыратын кеме.

1-тарау. Бақылау және УҚТ радиобайланысты пайдалану

5. Әрбір кеме өзінің қандай жағдайға түскендігін (соқтығысу, ұрылу, бастырылу, қайырға отыру қауіптері) толық бағалау үшін басым жағдайлар мен шарттарға қатысты барлық қолдағы құралдардың көмегімен бақылау жүргізген сияқты, үнемі көзбен шолу және тың бақылауды да жүргізу керек.

6. УҚТ радиостанциялармен жабдықталған барлық кемелер оларды өзара әрекеттердің алдын-ала келісілуін қажет ететін жағдайларда қолдану керек. Ол үшін УҚТ радиостанциялар қозғалыс, маневр жасау және зәкірде тұрған кездерінде үнемі сәйкес арнада қосулы тұру керек.

УҚТ радиобайланысты пайдалану бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында УҚТ радиобайланыс бойынша тілдесу жүргізу ережелерімен с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Шетел суларында жұмыс жасаған кезде, радиобайланыс кеме пайдаланылып жатқан елдің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Осы Ережемен дыбыстық немесе жарықтық белгілермен ауысу қажет болған жағдайларда кемелердің УҚТ радиобайланыс бойынша өзара қимылдарын келісу, осы белгілер берілгенге дейін жасалу керек, бұл кезде УҚТ радиобайланысқа шақыруды әдетте, бірінші болып белгі беруге міндетті кеме ж а с а у к е р е к .

8. УҚТ радиобайланыс бойынша шақыруына жауап алмаған кеме, басқа кемеді УҚТ радиостанция жоқ деп есептеп және осы жағдайды ескеріп әрекет ж а с а у к е р е к .

9. Кемелер өз әрекеттерін УҚТ радиобайланыс бойынша ұйғарған кезде, осы Ережелермен бұндай жағдайларда көзделген дыбыстық белгілердің берілмеуі м ү м к і н .

10. Кеме көрінбейтін және реттелмейтін қиын учаскелерге жақындағанда және олармен қозғалғанда, көру нашарлағанда және шектеулі көрініс жағдайында жүзгенде УҚТ радиобайланыс бойынша басқа кемелерге өзінің орналасқан орны мен өзінің іс-әрекеттері туралы мезгілде түрде мәлімдеп тұру керек. Бұл кезде кеме осындай жағдайлармен қарастырылған дыбыстық және жарықтық белгілер беруі керек.

11. Қауіпті жүгі бар кеме УҚТ радиобайланыс бойынша басқа кемелермен өзара қимылдарын ұйғарған кезде, оларға осындай жүгі бар екендігі туралы мәлімдеуіне болады.

2-бөлім. Кемелердің қозғалысы, маневр жасауы және тұрақтары

12. Осы бөлімде белгіленген ережелер шағын өлшемді және желкенді кемелерден басқа барлық кемелерге, ал осы Ережелердің 2,4 және 5 бөлімдерімен белгіленген ережелері - шағын өлшемді және желкенді кемелерге қ а т ы с т ы .

13. Осы бөлімде "кеме" термині жалғыз кемелерді және құрамдар немесе салыларды (егер басқасы ескерілмесе) сүйрейтін немесе итеретін кемелерді ұғындырады.

2-тарау. Қауіпсіз жылдамдық

14. Әрбір кеме қазіргі жағдайларда жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, тиісті және әсерлі әрекеттерге кірісіп, Қауіпсіз жылдамдықпен қозғалу керек.

15. Қауіпсіз жылдамдықты таңдаған кезде басқа факторлардың ішінде м ы н а л а р д ы :

жол мен кемеңің өлшемдер қатынасын;
берілген аудандағы кемелердің бар екендігін және қозғалыс үдемелілігін;
кемеңің маневр жасау мүмкіндіктері, әсіресе кемеңің толық тоқтауы үшін қажет ара-қашықтық және берілген жағдайдағы бұрылу мүмкіндіктерін;
ағыстың, желдің және толқудың бағыты мен күшін;
көру жағдайын және әрі жағалық, әрі өз шамдары есебінен жарық фонының болуын, навигациялық белгілердің болуын ескеру керек.

16. Радиолокаторды пайдаланатын кемелер қауіпсіз жылдамдықты таңдаған кезде қ о с ы м ш а м ы н а л а р д ы :

радиолокациялық жабдықтардың мінездемелерін, тиімділігін және ш е к т е у л е р і н ;

қолданылып жүрген радиолокациялық алыстық шәкіл қоятын кез-келген ш е к т е у л е р д і ;

су беті жағдайының, метеорология құбылыстарының, сондай-ақ басқа кедергі көздерінің радиолокациялық табуға әсерін;

радиолокатордың жеткілікті ара-қашықтықта шағын кемелерді, мұз және басқа жүзу объектілерін, навигация жабдықтарының белгілерін, төменгі жағалауларды және басқаларды таба алмау мүмкіндігін;

радиолокатормен табылған кемелердің санын, орналасу орнын және орын а у ы с т ы р у ы н ;

жақында орналасқан кемелер мен басқа объектілерге дейінгі ара-қашықтықты радиолокациялық өлшеу кезінде алынуы мүмкін, көріну мүмкіншіліктерін нақтырақ бағалауды ескеру керек.

3-тарау. Кемелердің жалпы қозғалыс және маневр жасау тәртібі

17. Кемелер латеральді жүйелі навигациялық жабдығы бар су жолдарымен қозғалған кезде, навигациялық жағдайдың белгілерін бағытқа ала отырып, кеме

жолының шегінде жүзу керек. Жол қызметкерлері навигациялық жағдайды, кеме жүргізушінің кемені (құрамды) белгіден белгіге дейін жеткізуін қамтамасыз ететіндей қылып орнатуы керек. Бұл кезде кемелер (құрамдар) мен су жолдары мөлшерінің белгіленген қатынасы сақталуы керек (1 қосымша). Белгіленген кеме жолының шегі сыртында, сондай-ақ кеме жолы жабдықталмаған (олар кеме жүруіне жарамды болған жағдайда) су жолдарында кемелер тек қана кеме жүрісін реттеуші органдармен келісім бойынша немесе арнайы мақсаттағы кемелер ғана жүзе алады.

18. Екі жақты қозғалысы бар учаскелерде кеме қозғалыс белдеуінің оң жағымен, ал бұл қиын болғанда (жолдық, гидрометеорологиялық немесе басқа жағдайлар бойынша) - кеме жолының осін ұстай отырып және сонымен қатар қарсы келе жатқан кемелермен сол жақ борттарымен қауіпсіз ажырауға дайындықты қамтамасыз ететіндей болып жүру керек.

19. Қазіргі шарттар мен жағдайларды ескере отырып, салыны сүйреуші кеме осы Ережелердің 18 тармағының талаптарынан шегінуіне болады.

20. Бір бағытта қозғалған кезде, бір-бірін басып озу ойы жоқ кемелер, құрамдар және салдық құрамдар берілген шарттар мен жағдайларда берілген жылдамдық кезіндегі өзінің тежеу жолын ескере отырып, өзара қауіпсіз ара-қашықтықты сақтау керек.

21. Әдетте, кеме айналымды тек қана өтіп бара жатқан кемелердің арт жағынан орындау керек. Мұндай маневр жақындаған кемелердің алдынан тек қана өзара қимылдар келісілгеннен кейін жасалуы мүмкін.

22. Жағалаудан, айлақ және басқалардан келе жатқан кеме, кеме жолы бойымен келе жатқан кемелерді кедергісіз өткізуі, ал қосымша кеме жолынан келе жатқан кеме негізгі кеме жолымен келе жатқан кемелерді өткізуі керек. Бірдей мәнді қиылысатын кеме жолдарында кездесіп қалған кезде, өзінің оң жағында басқасы бар кеме соған жол беруі керек.

23. Кемелер айлақтар мен рейділерде маневр жасаған кезде, айрықшалық ретінде, өзара келісе отырып, бір-бірін оң жақ бортымен өткізуді іске асыруы мүмкін; бұл кезде жылдам кемелер су ығыстырғыш жағдайда болуы керек.

24. Осы Ережелердің 17 тармағына сәйкес, көлдер мен су қоймаларында кеме жолының шегі сыртында жүзуге рұқсат етілген кемелер, мұндайда осы Ережелердің 7-тарауында белгіленген навигациялық жабдықтың түбегейлі жүйелі учаскелеріне арналған сәйкес ережелерді басшылыққа алуы керек.

25. Ұзындығы 20 м кем жалғыз кеме өз мөлшерлерімен қысылған кемелер мен құрамдардың қозғалысын және маневр жасауын мүмкіндігінше қиындатпауы керек.

26. Су ығыстырмайтын жағдайдағы жылдам кемелердің қозғалысы тек қана тәуліктің жарық мезгілінде, 1.0 км кем емес қашықтықта шамсыз навигациялық

қалқыма белгілері қарусыз көзбен көрінгенде және айқын танылғанда рұқсат етіледі.

27. Жылдам кемелер қозғалыс кезінде басқа кемелердің кильватері ішінде жүзбеу керек.

28. Мұзды жағдайларда өз бетінше жүзген кезде кемелер мен құрамдар осы Ережелерді басшылыққа алу керек, керуен құрамында мұздан өту кезінде жүзу қосымша арнайы ережелермен кесімделеді.

29. Мыналарға:

1) ішкі кеме жолдарында кемелердің, салдардың және басқа қалқыма құралдардың өзінше ағу қозғалысына;

2) апат жағдайлары мен кешендік қызмет көрсету жағдайларын алып тастағанда, борттарымен арқандап байланған өзі жүзетін, бірақ екеуден артық емес, кемелердің қозғалысына; бұл кезде сол жақ борты бос кеме қозғалыс пен маневр жасауды басқарады және белгі беруді қамтамасыз етеді;

3) арналардың апаттық-жөндеу қоршау шарбақтарының аумағында, арқанды өткелдерде (кеме жолының ені 200 м кем болғанда), көпір аралықтарында, сондай-ақ егер бір аралық арқылы жоғары әрі төмен қозғалыс жүзеге асырылса, көпірден 500 м жоғары және төмен аралықта кемелердің ажырауына және басып озуына.

Көпірден 500 м жоғары және төмен аралықта ажырауға және басып озуға тыйым салу, ара қашықтығы 1 км және одан кем көпірлерге қатысты емес, және ұзындығы 20 м кем жылдам кемелер мен су ығыстырғыш кемелерге тартылмайды;

4) кеме жолының ені 200 м кем болған кезде, траверзде үш кеме бір мезгілде орналасумен қатар ажырауына және басып озуына;

5) қозғалыс белдеуін немесе барлық кеме жолын өзара қимылдары бойынша келісімге келмей, жақындаған кемеден 1.0 км кем аралықта кемеңің қиып өтуіне тыйым салынады; бұл кезде барлық жағдайда қиылысу тік бұрышқа жақын бұрышпен жасалу керек.

4-тарау. Апат жағдайының алдын алу

30. Кеме жағдайды бағалауда сенімсіз болған жағдайда (басқа кемелердің жүрісінде түсінбестіктер, белгілердің берілмеуі немесе дұрыс расталмауы, бағдарды жоғалту, навигациялық жабдықтар белгілерінің болмауы немесе ақауы болуы және басқалар) жүрісін азайту немесе өзара қимылдар келісілгенше немесе жағдай айқындалғанша қозғалысын тоқтатуға міндетті.

31. Кеме жолының шектеулі өлшемді учаскелерінде, шығанақтарда, арнаның құламасына, жағалауға жақындаған кезде жер снарядтардың, тұрған кемелердің, доктардың, мұнай станцияларының, өткелдердің, сүңгуір кемелердің жанынан өткен кезде оларға қауіпті толқындатуды тудырмас үшін кеме төмендетілген (ең

азына дейін) жылдамдықпен қозғалу керек.

32. Соқтығысу, ұрылу, бастырылу, қайырға отыру және басқа осы секілді жағдайлардың алдын алу үшін қолданылатын кез-келген әрекеттер сенімді, уақтылы және жақсы кеме жүргізу тәжірибесіне сәйкес болуы керек.

33. Өз іс-әрекеттерін көрсету немесе келісу қажет болған жағдайларда кемелер бір-бірінің көз алдында орналасқан кезде осы Ережелердің 166 тармағына сәйкес дыбыстық белгілерді беру керек.

5-тарау. Ерекше жағдайлар

34. Кеме апат жағдайы кенеттен пайда болғанда тура қауіптен қашу немесе мүмкін салдарларды кеміту үшін, сол жағдайдың шарттарымен және мән-жайымен күштеліп отырған барлық шараларға, тіпті ол шаралар осы Ережелермен ескерілмесе де, кірісуге тиісті.

6-тарау. Сүйреудің және итерудің ерекше жағдайлары

35. Сүйреудің ерекше жағдайларында қозғалысты, маневр жасауды және белгілер беруді мыналар:

1) сүйреу немесе бірнеше кемелер қосылып әрі сүйреп, әрі итергенде - егер сүйреу тапсырмасында басқалар анықталмаса, онда ең қуатты негізгі қозғалтқышты сүйреуші (итергіш);

2) маневр жасағанда немесе қиындатылған учаскелерден (айналу кезінде, айлаққа жақындағанда, алыстағанда, шлюздарға кіргенде, көпір астымен, өткелдерден өткенде және басқа ұқсас жағдайларда) өткенде өз машиналарын пайдаланатын кемеге (құрамға) көмек көрсеткенде - көмек көрсетілетін кеме басқару керек.

36. Осы Ережелердің 35-тармағында көрсетілген сүйреу және көмек көрсету жағдайларында белгілерді мыналар:

1) алдыңғы кеме - егер сүйреушілер кильватерге қосылған болса;

2) сүйреуші - бірігіп сүйреген және итерген кезде;

3) сүйрейтін темір арқан берілген кеме - егер сүйреуді борттарымен тоқтаған кемелер жасаса; бұл кезде темір сүйреуші арқан қай кемеден берілсе, сол кеменің сол жақ борты бос болу керек;

4) сүйреуші - өзі жүзетін кемеге көмек көрсеткен кезде беру керек.

37. Борт астымен сүйреген кезде (рейділіктен басқа) сүйретілетін кеме сүйреуші кеменің оң жағында орналасу керек.

7-тарау. Кемелердің айырылуы

38. Осы ереже сал құрамдарын алып тастағанда, су ығыстырғыш кемелер мен құрамдарға тартылады.

39. Қарама-қарсы қозғалған кезде кемелер сол жақ борттарымен берілген жағдайда қауіпсіз жылдамдықпен айырылуы керек. Бұл кезде әрбір кеме қаншалықты бұл қажет және қауіпсіз екендігіне қарай, уақтылы оңға бұрылып

және қарсы келе жатқан кеме артта қалғанша осылай жүріп отыру керек.

40. Жол шарттары немесе басқа кез-келген себептер бойынша айырылу қиын болған жағдайда, жоғары қарай жүзетін кеме төмен жүзетін кемемені байқаған сәттен бастап, кездесу неғұрлым ыңғайлы жерде болатындай етіп, өз қозғалысын реттеу керек. Бұл кезде ол қаншалықты бұл қажет және қауіпсіз екендігіне қарай алдын-ала оңға бұрыла отырып, қарсы келе жатқан кемемені сол жақ борты бойынша өткізу керек.

41. Қарсы келе жатқан кемемені сол жақ бортымен өткізу мүмкін болмаған жағдайда, жоғары жүзетін кеме, айрықшалық ретінде, қаншалықты бұл қажет және қауіпсіз екендігіне қарай алдын-ала жүру жолы бойынша сол жаққа көшу керек және қарсы келе жатқан кемемені оң жақ борты бойынша өткізіп жіберу керек.

42. Төмен жүзетін кеме өткізетін кемеге жақындаған кезде алдын-ала жылдамдығын азайтып (ең аз жылдамдыққа дейін), қаншалықты бұл қажет және қауіпсіз екендігіне қарай сәйкес жаққа бұрылып және өткізетін кеме артта қалғанша осылай жүріп отыру керек.

43. Жоғары қарай жүзетін кеме бірінші болып алдын-ала, ал жол жағдайына байланысты көрініс шектеулі болғанда - қарсы келе жатқан кемемені көзбен байқаған кезде мынадай:

1) сол жақ борты бойынша айырылғанда (өткізгенде) - сол жақ борттан бұлғау ;

2) оң жақ борты бойынша өткізгенде - оң жақ борттан бұлғау белгілерін беру керек.

44. Төмен жүзетін кеме көрсетілген айырылу (өткізу) жағын қабылдауға және сәйкес борттан бұлғау арқылы шапшаң растауға міндетті.

45. Кейін қарай жүретін кеме, кеме жолымен жүзіп келе жатқан кемелерді жол осіне қараған борты жағынан өткізу керек, сол үшін ол сәйкес бортынан үш қысқа дыбыс пен бұлғау белгілерін беру керек.

46. Кеме жолына көлденең қарама-қарсы келе жатқан кемелер, жылдам кемелерді қосқанда, кез-келген борттарымен айырылуына болады; айырылу жағын оң жағалаудан келе жатқан кеме анықтайды және оны алдын-ала бұлғау белгісін беріп көрсетеді.

8-тарау. Сал құрамды кемелердің айырылуы

47. Салды сүйрейді кеме бірінші болып алдын-ала, ал жол жағдайлары бойынша шектеулі көрініс кезінде - қарсы келе жатқан кемемені көзбен көрген жағдайда, бұлғау арқылы айырылу немесе өту жағын көрсету керек. 48. Қарсы келе жатқан кеме сәйкес бортынан бұлғау белгісін шапшаң беріп, сал жүргізуші көрсеткен бортпен айырылуды немесе өткізуді жүзеге асыру керек.

9-тарау. Кемелерді, құрамдарды және сал құрамдарын басып озу

49. Басып озу, ереже ретінде, басып озылатын кеменің (құрамның) сол жақ борты бойынша жүзеге асырылады. Сол жақ бортпен басып озу жолдық, метеорологиялық және басқа жағдайларға байланысты қиындатылғанда, айрықшалық ретінде, оң жақ борты бойынша басып озуға рұқсат етіледі.

50. Басқа кемені (құрамды) басып озу ойы бар кеме, басып озылатын кемеге 0.5 км дейін екі ұзақ және екі қысқа дыбыстар дабылымен сұраныс беру керек.

51. Басып озылатын кеме, сұранысты алған соң басып озу мүмкін болған кезде, ол басып озуды рұқсат еткен бортынан бұлғау белгісін шапшаң беріп, жылдамдығын азайтып, қаншалықты қажет және қауіпсіз екендігіне қарай қарама-қарсы жаққа бұрылып және басып озу аяқталғанша осылай жүріп отыру керек.

52. Басып озатын кеме, басып озуға рұқсатты алған соң сәйкес бортынан бұлғау беру керек және басып озылатын кемеден біржолата өтіп кеткенше және ол артта қалғанша қауіпсіз қашықтықты ұстап отырып, басып озу керек.

53. Басып озу мүмкін болмаған кезде басып озатын кеме "Ескерту" белгісін беру керек. Мұндай жағдайда қайта сұраныс жасалмай берілуі керек рұқсат алынбайынша, басып озуға тыйым салынады.

10-тарау. Жылдам кемелердің айырылуы және басып озылуы

54. Жылдам кемелер қарама-қарсы қозғалған кезде тек қана сол жақ борттарымен айырылу керек, бұл кезде бұлғауды бірінші болып жоғары бара жатқан кеме береді.

55. Бір жылдам кемені екінші кеменің басып озуы басып озылатын кеменің тек қана сол жақ бортымен жүзеге асырылу керек, бұл кезде басып озылатын кеме сұранысты алып және басып озуға рұқсат беріп, жылдамдығын шапшаң азайтып және басып озу аяқталғанша су ығыстырғыш жағдайда жүзіп отыру керек.

56. Сал жүргізушілерден басқа кемелердің басып озатын және айырылатын жағын жылдам кеме анықтайды және көрсетеді. Бұл кезде, ереже ретінде, айырылу сол жақ борттармен жүзеге асырылу керек, ал басып озу басып озылатын кеменің сол жақ бортымен жасалу керек. Қарсы келе жатқан және басып озылатын кемелер көрсетілген жақты бұлғаумен растап және айырылу немесе басып озу аяқталғанша өз жолынан таймау керек.

57. Осы Ережелердің 7, 8 және 9-тарауларында көзделген жылдам кемелер өзара және басқа кемелермен айырылу және басып озу кезінде су ығыстырғыш

кемелер сияқты сондай белгілермен және сондай ара-қашықтықта ауысып, берілген жағдайда қауіпсіз болатын кемелер арасындағы интервалды сақтау керек.

11-тарау. Қаралмайтын және қиын учаскелерден өту

58. Егер қарсы келе жатқан кемені алдын-ала көзбен көру мүмкін болмаса, кеме қаралмайтын немесе реттелмеген қиындатылған учаскелерге жақындағанда жылдамдығын азайтып және бір ұзақ дыбыс беру керек. Түнде бұл белгі жоғары бағытталған қуатты жарықтандырғыш құралдың сәулесімен қайталанып берілу керек.

59. Осындай ұзаққа созылатын учаске бойымен қозғалғанда, кеме әрбір 2-3 мин сайын екі ұзақ дыбыс белгісін беру керек.

60. Басқа кемелер учаскенің бос еместігіне көздері жеткен соң, айырылу (өту) қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау керек, ал егер учаске бір бағытты қозғалысты болса - қарсы кеменің өтуі үшін қауіпсіз жерге тоқтау және к ү т у к е р е к .

61. Бір бағытты қозғалысты учаскелерге бір уақытта келген жағдайда, жоғары жүзетін кеме қауіпсіз жерге тоқтап, төмен жүретін кемені өткізу керек.

12-тарау. Түптереңдету және түптазалау снарядтарының және суасты жұмыстарымен айналасушы кемелердің жанынан өту

62. Кеме жолында жұмыс жасайтын түптереңдету және түптазалау снарядына 1.0 км кем емес қашықтыққа жақындағанда кеме бір ұзақ дыбыс беру керек.

63. Түптазалау снаряды кеменің өтуіне жеткілікті болатындай кеме жолының бөлігін босату керек; және өту жағын түнде екі айналымдық (тенттық) шамдардың (егер жерснаряды сол жиекке кетіп қалса - жасылмен, оң жаққа кетіп қалса - қызылмен) жарығымен, күндіз - жарықимпульсты бұлғаумен немесе бұлғау жалаушасымен көрсету керек.

64. Түптазалау снаряды түнде өту жағын бір айналым шамы жарығының (ақпен - кеме жолының сол жиегінде жұмыс істегенде, қызылмен - оң жиегінде) жыпықтауымен, ал күндіз - бұлғау жалаушасымен көрсету керек.

65. Кеме рұқсат белгісін алған кезде сәйкес бортынан бұлғау беріп және қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдай отырып өту керек.

66. Кеме жолында суасты немесе суғасүңгу жұмыстарын (кемелерді көтеру, трубалар, кабельдер жүргізу және басқа) жүргізіп жатқан кемемен белгілер ауысу және жанынан өту осы Ережелердің 62, 64, 65, 67, 68 69-тармақтарына сәйкес түптазалау снарядымен сияқты тәртіппен жүзеге асырылады.

67. Түптереңдету және түптазалау снарядына кемелер жоғарыдан және төменнен бір уақытта келген кезде төмен жүзетін кеме, ал жылдам кеме жүзу бағытына қарамастан, бірінші болып өтеді.

68. Өткізіп жіберу мүмкін болмаған кезде түптереңдету және түптазалау снаряды алдын-ала, бірақ жақындап қалған кемеге 1.0 км кем емес аралықта, "Ескерту" белгісін беру керек.

69. "Ескерту" белгісін алған соң кеме қайта сұраныс жасамай, өтуге рұқсат алғанша дереу қозғалысын тоқтату керек.

13-тарау. Көпірлерден, шлюздардан және арқанды өткелдерден өту

70. Кемелерге көпір астымен өту тек қана осы мақсаттарға тағайындалған, сәйкес навигациялық белгілермен және шамдармен жабдықталған кеме жолы аралықтары арқылы ғана рұқсат етіледі (20 парақтағы 2-қосымша).

71. Бір кеме жолы аралықты көпірге жоғарыдан және төменнен бір уақытта кемелер келген кезде, бірінші болып оны төмен қарай жүзетін немесе бағытына қарамастан жылдам кеме өтеді.

72. Облыстық және аумақтық орталықтардан басқа барлық пункттерде, қалқыма көпірлерді ажырату және олардан кемелер мен құрамдарды өткізу тәуліктің кез-келген уақытында, оларға соңғылар жақындаған кезде және 1.0 км кем емес қашықтықта олармен бір ұзақ дыбыс берілгенде жүзеге асырылу керек. Облыстық және аумақтық орталықтарда ажырату және өткізу арнайы кесте бойынша жүзеге асырылады.

73. Кеме шлюзге немесе арқанды өткелге жақындаған кезде "Назар аударыңыз" белгісінің траверзінде, ал белгі жоқ болғанда оларға 1.0 км кем емес аралықта бір ұзақ дыбыс беру керек.

74. Арқанды өткелдің паромы келе жатқан кемелерге кеме жолын дер кезінде босату және олар жақындаған кезде жағалаудан қозғалысты бастамау керек.

75. Шлюздар және қалқыма көпірлер арқылы кемелерді өткізу соңғылардың иелерінің бағдаршамдық (семафорлық) белгілерді пайдалануы арқылы жүзеге асырылады.

76. Шлюздардың жақындау арналары ішінде қозғалған кезде шлюздау барысында, шлюз камерасына кіргенде және одан шыққанда, осы Ережелердің талаптарынан басқа, кеме қызметтегі кемелерді, құрамдарды және салдарды шлюздардан өткізу ережелерін орындау керек.

14-тарау. Зәкірлі тұрақ

77. Кемелер, құрамдар мен салдар зәкірге арнайы бөлінген рейділерде орналасу және тұрақтану тәртібін сақтай отырып тұру керек.

78. Рейділер үшін орындар, оларда кемелердің, құрамдардың және салдардың орналасу мен тұрақтану тәртібі белгіленген тәртіппен анықталады және жергілікті ережелер мен навигациялық сызбаларда көрсетіледі.

79. Жүру барысында, сондай-ақ арнайы рейділері жоқ пункттерде зәкірге тұру қажет болған кезде кемелер, құрамдар және салдар зәкірлік тұрақты кеме

жолының жиегіне жақын жерден, ал бұл мүмкін және қауіпсіз болғанда - басқа кемелердің қозғалысына және маневр жасауына кедергі жасамау үшін, жиегі сыртынан таңдау керек.

80. Кемелерден, салдардан, дебаркадерлерден, жерснарядтарынан, қалқымалы көпірлерден және басқа жүзбелі құралдарынан берілген зәкірлер өтіп бара жатқан кемелер үшін кедергі тудырмау керек.

81. Кемелер мен салдардың мына әрекеттерді жасауына:

1) кемелер үшін апат қауіпі төнуі мүмкін жағдайлардан басқа, жазықтықта немесе сызбада белгіленген (ақпараттық белгілермен) су асты кабельдері жүргізілген аумақтарда және өткелдерде, су қоршауларында және басқаларда зәкір, лот, сүйретпе сымдарын беруіне немесе тоқтауына;

2) қайраңдарда, шығанақтарда, еңсіздіктерде, тақау ағысы бар жағалауларда, көпірлердің, гидрокұрылымдардың жанында, дебаркадерлер ауданында, жолаушылар мен жүк айлақтарына, өткелдерге жақындағанда, навигациялық белгілер маңайында, сондай-ақ тоқтау салдарынан қозғалыс, маневр жасау немесе басқа кемелердің қалқымалық және жағалық навигациялық белгілері бойынша бағдар жасау қиындаған жол учаскелерінде зәкірге тоқтауына тыйым салынады.

3-бөлім. Шектеулі көру кезінде кемелердің жүзуі

82. Осы бөлімнің ережелері, шағын өлшемді және желкенділерден басқа, навигациялық жабдықтың латеральды жүйелі су жолдарында көру мүмкіндігі 1 км кем кезде барлық кемелер мен құрамдарға тарайды.

83. Шектеулі 1 км кем көру мүмкіндігі кезінде, қозғалыс тек қана бұзылмай жұмыс істейтін радиолокатормен, компаспен және УҚТ радиостанциямен жабдықталған, тұтану температурасы 60 градус төмен мұнай жүктері, олардың қалдықтары, жарылғыш немесе улы заттары бар кемелерге ғана рұқсат етіледі.

84. 83-тармаққа сәйкес жабдықталған жылдам кемелерге суығыстыру қалпында ең жақын қауіпсіз тұраққа дейін ғана қозғалуға болады.

85. Шектеулі көру кезінде қозғалу, басып озу және айырылу туралы шешім қабылдаған кезде мұндай әрекеттердің қауіптілік және мақсатқа лайықтылық дәрежесін, алдағы болатын жүзудің шарттары мен жағдайларына байланысты жан-жақты бағалау қажет. Шын мәнінде көру қашықтығына, қозғалыстың үдемелілігіне, кемелер (құрамдардың) мен жолдардың мөлшер қатынастарына, осы ауданда радиолокаторды пайдалану тиімділігіне ерекше назар аудару керек.

86. Кемеде көзбен көру және тың тыңдау арқылы байқаумен бірге үздіксіз білікті радиолокациялық байқау жүргізілу керек; бұл кезде кемені басқару постында, тұтқа ұстаушыдан басқа, басшылық құрамнан кемежүргізуші мамандығы бар (олардың бірі капитан) кем дегенде екі тұлға болу керек.

87. УҚТ радиобайланыс бойынша келіссөз жүргізу кезінде әңгіме өзара әрекеттерін үйлестіруді қажет ететін кемемен жүргізіліп тұрғандығын (салыстырмалы байқалатын бағдарлардың орналасу орнын көрсету, өзара арақашықтықты, пеленгтерді бір уақытта өлшеу және басқалар арқылы) анықтау керек.

15-тарау. Қозғалу тәртібі

88. Шектеулі 1 км кем көру жағдайында мыналарға рұқсат етіледі:

1) кеме жолының ені 100 м кем болған кезде - жалғыз кемелерге тек қана жоғары қарай қозғалуға;

2) кеме жолының ені 100 м және одан артық, бірақ 200 м кем болған кезде жалғыз кемелерге - екі жақты қозғалыс, ал итеретін кемелерге - тек қана жоғары қарай қозғалуға;

3) кеме жолының ені 200 м және одан артық болған кезде кемелер мен құрамдарға - екі жақты қозғалуға (бұл жағдайда сал құрамдарына тек қана көлдер мен су қоймаларымен қозғалуға рұқсат етіледі).

89. Кеме жолының еніне тәуелсіз, арналарда жалғыз және итеретін кемелердің екі жақты қозғалысы траверз бойынша екі жағалау және бағыт бойынша екіден кем емес кеме (құрам) ұзындығы көрінетін кезде ғана рұқсат етіледі.

90. Кемелер мен итеретін құрамдардың көпір астымен өтуіне, кеме жүру аралықтарында сол аралықтарды 0.5 км кем емес қашықтықта оларды берік тануға және оларға жақындаған кезде сенімді бағыт алуға (көзбен немесе техникалық құралдар көмегімен), мүмкіндік беретін навигациялық жабдық құралдары болғанда ғана рұқсат етіледі. Бұл кезде кеме жолы аралықтарының ені мынадай болу керек:

1) жалғыз және біржіпті итеретін кемелер үшін - кемеңің (құрамның) 5 еселенген енінен кем емес;

2) басқа итеретін құрамдар үшін - 3 еселенген құрам енінен кем емес.

91. Өзенмен сал сүйрейтін кеме көру мүмкіндігі 1.0 км кем кезде қозғалысты жақын тұраққа дейін ғана жалғастыруына болады.

92. Кемелер мен құрамдар бір бағытта қозғалған кезде шектеулі 1.0 км кем көру мүмкіндігі жағдайында, егер олар бірін-бірі басып озу ойы болмаса, кез-келген жағдайда берілген жылдамдық үшін 5-еселенген тоқтау жолынан кем болмайтын өзара қауіпсіз арақашықтықты сақтау керек.

93. Қозғалысын тоқтатқан немесе жүзуге рұқсат етілмеген кемелер, олар мүмкіндігінше қозғалысын жалғастыратын басқа кемелердің бағытталуына және өтуіне қиындық тудырмайтын жерлерде тұрақталуы керек.

94. Қозғалыс барысындағы және тұрақта тұрған кемелер осы Ережелердің 32-тарауына сәйкес дыбыстық белгілер беру керек. Айырылу, өткізу және басып озу

барысында кемелер өзара келісім бойынша мезгіл-мезгіл сәйкес борттан жарықимпульсты (жарықтық) бұлғауларды қоса алады, ал көзбен көрінетін қашықтыққа жақындаған кезде осы Ережелердің 166-тармағында көрсетілген дыбыстық белгілерді беруіне болады.

95. Шектеулі көрініс кезінде мыналар:

1) егер көзбен көру мүмкіндігі кеменің (құрамның) үш ұзындығынан кем болса, ені 200 м кем кеме жолында кемеге (итеретін құрамға) айырылуға және б а с ы п о з у ғ а ;

2) егер көзбен көру мүмкіндігі кеменің екі ұзындығынан кем болса, айлақтарға, шлюздардың жақындау палдарына кемелердің арқандап байлануына т ы й ы м с а л ы н а д ы .

96. Жергілікті ережелермен нақты жағдайларға қарай шектеулі көрініс кезінде кемелердің қозғалуына тыйым салынатын учаскелер белгіленуі мүмкін.

16-тарау. Кемелердің айырылуы (өткізу)

97. Кемелер шектеулі 1.0 км кем көру мүмкіндігі кезінде, УҚТ радиобайланыс бойынша айырылысуға (өткізуге) ең ыңғайлы жер туралы алдын-ала келісу керек және оны сол жақ борттарымен ғана, мынадай жолмен жүзеге а с ы р у к е р е к :

1) жоғары қозғалатын кеме келісілген жерге жақындағанда қаншалықты қажет және қауіпсіз болғанына қарай оңға бұрылып, тоқтап немесе жылдамдығын ең азына дейін кемітіп және қарсы келген кемені (құрамды) сол жақ б ор т ы б ой ы м е н ө т к і з у к е р е к ;

2) төмен қозғалатын кеме келісілген жерге жақындағанда алдын-ала жылдамдығын ең азына дейін кемітіп, қаншалықты қажет және қауіпсіз болғанына қарай оңға бұрылып және қарсы кеме артқы жақта қалғанша осылай қ о з ғ а л ы п о т ы р у к е р е к ;

3) жоғары қозғалатын кеме салдық құраммен айырылуды сал жүргізуші көрсеткен борт бойымен жүзеге асыру керек.

17-тарау. Кемелерді басып озу

98. 1.0 км кем көру мүмкіндігі шектеулі кезде мыналарға:

1) кеме жолының ені 100 м және одан артық болған кезде 95-тармақтың 1-тармақшасын ескере отырып, жалғыз кемеге басқа кемелер мен құрамдарды б а с ы п о з у ғ а ;

2) кеме жолының ені 200 м және одан артық болған кезде итеретін (сүйрейдін)) құрамға салдық және басқа құрамдарды басып озуға;

3) кемелер мен құрамдарды басып озу тек қана басып озылатындардың сол жақ борты жағынан; салдық құрамдарды басып озу - сал жүргізушінің нұсқауы б о й ы н ш а р ұ қ с а т е т і л е д і .

99. Басқа кемені қуып жететін кеме, 1.0 км кем көру мүмкіндігі кезінде УҚТ

радиобайланыс бойынша басып озуға рұқсат алып, басып озу орнын және өзара сақтандыру шараларын ұйғару керек.

100. Басып озылатын кеме 1.0 км кем көру мүмкіндігі кезінде басып озуды рұқсат еткен соң, жылдамдығын ең азына дейін кемітіп, қаншалықты қажет және қауіпсіз болғанына қарай оңға бұрылып, басып озу аяқталғанша осылай жүріп отыру керек.

101. Басып озатын кеме 1.0 км кем көру мүмкіндігі кезінде басып озуға рұқсат алған соң, басып озылатын кеме толығымен өтіліп кеткенге және артта қалғанға дейін одан қауіпсіз ара қашықтықты ұстай отырып, сақтықпен айналып өту керек.

4-бөлім. Кемелер мен салдардың шамдары және белгілері

18-тарау. Шамдар мен белгілердің қолданылуы. Анықтамалар

102. Шамдарға қатысты ережелер (16 парақтағы 3-қосымша) күн батқаннан шыққанға дейін (түнде) орындалуы керек, сондай-ақ шектеулі көру мүмкіндігі кезінде; бұл кезде, осы Ережелермен нұсқалған шамдардың орнына қате есептеліп қалуы мүмкін немесе олардың көрінуін нашарлатуы мүмкін немесе байқауға кедергі болатын басқа шамдар қойылмау керек.

103. Белгілерге қатысты Ережелер (16 парақтағы 3-қосымша) күн шыққаннан батқанға дейін (күндіз) орындалуы керек.

104. Кеме жолы жиегінен тыс орналасқан жөндеу кәсіпорындарының және тұрақтау пункттерінің акваторияларында жөндеуде немесе суық тұрақта тұрған кемелер, егер олар басқа қозғалатын кемелерге кедергі тудырмаса, нұсқалған шамдар мен белгілерді алып жүрмеуіне де болады.

105. Шағын өлшемді және желкенді кемелер шамдар мен белгілерді алып жүреді (3 қосымша).

106. Осы тарауда мынадай анықтамалар қолданылады: топтық шам - кеменің диаметральды жазықтығында орналасқан, үздіксіз жарықпен көкжиектің 225 градус доғасын жарықтандыратын және кеменің тура алдыңғы жағы бағытынан бастап әрбір борт траверзінің артында 22.5 градусқа дейін жарық түсіретіндей етіп орнатылған ақ шам;

борттық шамдар - оң бортта жасыл шам және сол бортта қызыл; бұл шамдардың әрқайсысы үздіксіз жарықпен көкжиектің 112.5 градус доғасын жарықтандыратын және кеменің тура алдыңғы жағы бағытынан бастап сәйкес борт траверзінің артында 22.5 градусқа дейін жарық түсіретіндей етіп орнатылған;

артқы шамдар - кеменің артқы жағында орналасқан, үздіксіз жарықпен көкжиектің 135 градус доғасын жарықтандыратын және кеменің тура артқы жағы бағытынан бастап әрбір борт жағына 67.5 градусқа дейін жарық түсіретіндей етіп

о р н а т ы л ғ а н а қ ш а м ;

сүйретулік шам - кеменің диаметральды жазықтығында орналасқан, кеменің тура артқы жағы бағытынан бастап әрбір борт жағына 67.5 градусқа дейін 135 градус доғаны жарықтандыратын сары шам;

айналма шам - көкжиектің 360 градус доғасын үздіксіз жарықтандырып т ұ р а т ы н ш а м ;

жылтыл шам - реттелген уақыт аралықтарынан кейін жылтыл беретін шам;

жарықимпульстық (жарықтық) бұлғау - кеме траверзінен бастап алдыңғы жағына қарай 112.5 градус (диаметральды жазықтықты 22.5 градус жабатын) және кеме траверзінен бастап артқы жағына қарай 112.5 градус (диаметральды жазықтықты 22.5 градус жабатын) доғаны жарықтандыратын жылтыл ақ шам. Сәйкес борттық белгілермен бірдей түсті жарықимпульстық (жарықтық) бұлғаулар қолданылуы мүмкін. Жарықимпульсты бұлғаулар түнде де, күндіз де қолданылады. Оның болмаған кезінде бұлғау күндіз бұлғау-жалауымен, түнде - жарықтық бұлғаумен беріледі.

19-тарау. Шамдардың көріну ұзақтығы

107. Осы Ережелермен нұсқалған шамдар 1-кестеде көрсетілгендерден кем емес арақашықтарда көрінетін болу керек.

Шамдардың көріну қашықтығы, км.

Шам, түсі Өзі жүзетін кемелерде Өз бетімен жүзбейтін кемелерде

ұзындығы ұзындығы ұзындығы ұзындығы 20 м және 20 м-ден 50м және 50 артық кем артық м-ден к е м

Топтық ақ	8	5.5	4	2
Борттық: қызыл	3.7	3.7	-	-
ж а с ы л	3.7	3.7	-	-
Артқы ақ	3.7	3.7	-	-
Сүйретулік сары	3.7	3.7	-	-
Айналма: ақ	3.7	3.7	1.85	1.85
қызыл	1.85	1.85	1.85	1.85
с а р ы	1.85	1.85	-	-
ж а с ы л	1.85	1.85	1.85	1.85
к ө к	1.85	1.85	-	-
Жарықимпульсты бұлғау: күндіз	2	2	-	-

т ү н д е	4	4	-	-
Жарықтық бұлғау (түнде)	4	4	-	-

Е с к е р т у л е р :

1) ұзындығы 12 м кем өзі жүзетін кемелердің шамдарының көріну қ а ш ы қ т ы ғ ы :

топтық - 3.7 км, борттық - 1.85 км;

2) шамдар мен белгілердің өзара орналасуы, олардың арасындағы қашықтықтар 2 парақтағы 4-қосымшада көрсетілген.

20-тарау. Жүру барысындағы механикалық қозғалтқышты жалғыз кемелер

108. Механикалық қозғалтқышты жалғыз кемелер мыналарды:

1) топтық шамды, ұзындығы 50 м және одан артық кеме екінші топтық шамды алып жүруіне болады, бұл кезде олардың біреуі басқасының алдында және төмен орналасуы керек;

2) борттық шамдарды;

3) табанымен төмен үшбұрыш құрай орналасқан үш артқы шамдар, ені 5 м және одан кем кемеді - диаметральды жазықтықта бір артқы шамды алып жүру керек.

109. Өткелдерде немесе айлақ акваторияларының шекараларында (яғни, қалаішілік желілерде) жұмыс істейтін механикалық қозғалтқышты су ығыстырғыш жолаушылар кемесі, сондай-ақ өзі жүзетін қозғалыс барысындағы сал жалғыз кемеге нұсқалған (108-тармақ) шамдардан басқа, жылтыл айналма с а р ы ш а м д ы а л ы п ж ү р у к е р е к .

110. Мұнай жүктері, олардың қалдықтары, жарылғыш немесе улы заттары бар жүру барысындағы өзі жүзетін кеме, жалғыз кемеге нұсқалған шамдардан басқа (108-тармақ), айырылу және басып озу кезінде айналымдық қызыл шамды к ө р с е т е а л а д ы .

111. Қозғалу барысындағы кеме жолын қадағалау кемесі, осы Ережелердің 108-тармағымен жалғыз кемеге нұсқалған шамдардан басқа, айналма жылтыл көк шамды алып жүруіне болады.

21-тарау. Итерумен айналысатын және итерілетін кемелер

112. Итерумен айналысатын механикалық қозғалтқышы бар кеме мыналарды:

1) табанымен төмен үшбұрыш болып орналасқан, үш топтық шамды, олардың жоғарғысы диаметральды жазықтықта орналасуы керек;

2) борттық шамдарды;

3) табанымен төмен үшбұрыш болып орналасқан, үш артқы шамдар және

олардың үстінде сүйрету шамы, ал ені 5 м және одан кем кеме - тек қана бір сүйрету шамын алып жүру керек.

113. Мұнай жүктері, олардың қалдықтары, жарылғыш немесе улы заттары бар кемелерді итерумен айналысатын механикалық қозғалтқышты кеме, осы Ережелердің 112-тармағымен нұсқалған шамдардан басқа, айырылу және басып озу кезінде айналма қызыл шамды көрсете алады.

114. Итеретін кемелер мыналарды:

- 1) жалғыз - алдыңғы жақта бір топтық шамды;
- 2) құрамда - алда келе жатқан кемеңің әрқайсысы алдыңғы бөлігінде бір топтық шам алып жүру керек.

22-тарау. Темір арқанмен және борт астында сүйреумен айналысатын кемелер

115. Темір арқанмен сүйреумен айналысатын механикалық қозғалтқышты кеме мыналарды:

- 1) тігінен орналасқан екі топтық шамды;
- 2) борттық шамдарды;
- 3) кемеңің диаметрльды жазықтығында орналасқан бір артқы шамды және олардың үстінде сүйрету шамын;
- 4) сал немесе аралас құрамдарды (сал мен кемелер) сүйрегенде - осы тармақтың 2,3 тармақшаларымен нұсқалған шамдарды және тігінен орналасқан үш топтық шамдарды алып жүру керек.

116. Мұнай жүктері, олардың қалдықтары, жарылғыш немесе улы заттары бар кемелерді сүйреумен айналысатын механикалық қозғалтқышты кеме айырылу немесе басып озу кезінде оған осы Ережелердің 115-тармағымен нұсқалған шамдардан басқа, айналма қызыл шамды көрсетуіне болады.

117. Өтуіне көмектесетін сал немесе аралас құрам жанындағы кеме, бұл жұмыстың орындалу әдісіне қарамастан тігінен орналасқан үш топтық шамды және кемеңің диаметрльды жазықтығында орналасқан бір артқы шамды алып жүру керек.

118. Кильватерге қосылған бірнеше кемелер темір арқанмен сүйреген кезде басты сүйреуші 115-тармақпен нұсқалған шамдарды, ал қалған сүйреушілер - борттық шамдардан басқа, сондай шамдарды алып жүру керек.

119. Борттарымен байланған және құрамды немесе салды темір арқанмен сүйрейтін кемелер, осы Ережелердің 115-тармағымен нұсқалған, ішкі борттық шамдардан басқа, шамдарды алып жүру керек.

120. Өздігінен жүзбейтін кемеңі борт астымен сүйреу барысында сүйрейтін кеме механикалық қозғалтқышты жүру барысындағы жалғыз кеме сияқты, осы Ережелердің 108-тармағымен нұсқалған, шамдарды алып жүру керек.

121. Кеме итергіші бар құрамды темір арқанмен сүйреген кезде осы

Ережелердің 115-тармағымен нұсқалған сүйреуші сияқты шамдарды, ал итеретін кеме - бір топтық шамды, сүйрету шамын және одан төмен көлденең орналасқан екі артқы шамдарды алып жүру керек. Итерушінің ені 5 м және одан кем болған кезде ол бір сүйрету шамын алып жүреді.

122. Жалғыз кемеге немесе өз машинасын пайдаланатын итерілетін құрамға темір арқанмен сүйреу көмегін көрсету кезінде, маневр жасауда немесе қиындатылған учаскелерден өту кезінде, көмек көрсететін кеме, осы Ережелердің 115-тармағына сәйкес сүйрейтін кеме сияқты шамдарды алып жүру;

көмек көрсетілетін жалғыз кеме - осы Ережелердің 108-тармағымен нұсқалған, ал итеретін кеме - осы Ережелердің 121-тармағына сәйкес шамдарды алып жүру керек.

123. Басқа кеменің немесе құрамның бортына байланған өздігінен жүзетін жүру барысындағы (өз қозғалтқыштарын пайдаланатын немесе пайдаланбайтын) кеме, кеменің диаметральды жазықтығында орналасқан бір топтық және бір артқы шамды алып жүру керек, бұл кезде негізгі кеме (құрам) өз шамдарын өзгертпейді. Мұнай бункершісі, сондай-ақ тазалайтын кеме отын беру немесе жиналған лас суларды қабылдау кезінде қосымша айналма қызыл шамнан алып жүру керек.

23-тарау. Сүйреу кезіндегі және тұрақтағы өздігінен жүзбейтін кемелер

124. Өздігінен жүзбейтін кемелер оларды темір арқанмен, борт астымен сүйреген уақытта, сондай-ақ тұрақта (сүйреушімен бірге немесе онсыз) мыналарды :

1) ұзындығы 50 м кем жалғыз кеме - бір айналымдық ақ шамды (борт астымен сүйреген кезде бұл шам топтық шаммен ауыстырылуы мүмкін);

2) ұзындығы 50 м және одан артық жалғыз кеме - алдыңғы және артқы бөлігінде бір-бір айналма ақ шамнан (борт астымен сүйреген кезде бұл шамдар сәйкес топтық және артқы шамдармен ауыстырылуы мүмкін);

3) құрамда - әрбір кеменің алдыңғы бөлігінде және әрбір соңғы кеменің артқы бөлігінде бір-бір айналма ақ шамнан алып жүру керек.

125. Мұнай жүктері, олардың қалдықтары, жарылғыш немесе улы заттары бар өздігінен жүзбейтін тұрақтағы кемелер, осы Ережелердің 124-тармағымен нұсқалған шамдарға қоса әрбір кемеді бір айналма қызыл шамнан алып жүру керек; күндіз олар белгілік "Б" жалауын (қалқанын) алып жүру керек.

126. Тұрақтағы өздігінен жүзбейтін итергіші бар немесе онсыз кемелер, осы Ережелердің 124 және 125-тармақтарына сәйкес жүк түріне байланысты сүйретілетін кемелер сияқты шамдарды алып жүру керек.

127. Темір арқанмен итеруші құрамында сүйрелген кезде өздігінен жүзбейтін

кемелер, осы Ережелердің 114-тармағына сәйкес итерілетін кемелер сияқты шамдарды алып жүру керек.

128. Жүру жағында орналасқан рейдіде немесе жағалауда тұрған өздігінен жүзбейтін қосылған кемелер тобында және алдыңғы счалдың барлық кемелері кеменің алдыңғы бөлігінде, ал соңғы (артқы) счал кемелері - кеменің артқы бөлігінде де бір айналма ақ шамнан алып жүру керек.

129. Мұнай тасымалдаушы, мұнай бункерлік және тазалайтын станциялар, осы Ережелердің 125-тармағына сәйкес мұнай жүктері бар сәйкесетін мөлшерлі өздігінен жүзбейтін кемелер сияқты шамдар мен белгілерді алып жүру керек.

130. Дебаркадер діңгекте бір айналма ақ шамды және кеме жолы жағынан көрінетін қондырғы қабырғасында бір ақ шамды алып жүру керек.

131. Тұрақта және жағадан жағаға қозғалу кезінде арқанды өткел паромы айналма ақ шам алып жүру керек, паромдық өткелдің арқаны төбесі қорғаныш қалқандарымен жабылған шамдармен екі жағалаудан жарықтандырылуы керек.

132. Өздігінен жүзбейтін қайырда тұрған кеме осы Ережелердің 124-тармағына сәйкес ол үшін орнатылған тұрақтық шамдарды, одан басқа қалқыма навигациялық белгінің деңгейінде - егер оның жанынан басқа кемелердің өтуі мүмкін болса, кеменің кеме жолына шығып тұратын бөлігінде айналма ақ шамды, егер өту мүмкін болмаса үш айналма қызыл шамды, күндіз - көрінетін жерде тігінен орналасқан үш қара шар немесе ұқсас заттарды алып жүру керек.

24-тарау. Тұрақтағы өзі жүзетін кемелер

133. Тұрақта тұрған механикалық қозғалтқышы бар жалғыз кеме мыналарды:

1) алдыңғы бөлігінде бір айналма ақ шамды (діңгекте, жалау сапта, алдыңғы ш т а к т е) ;

2) 180 градус секторда (траверзден 90 градустан) көрінетін жүру жағының жүру көпірі шетінде бір ақ шамды;

3) көлденең орналасқан екі артқы шамды;

4) ені 5 м және одан кем кезде - діңгекте бір айналма ақ шамды;

5) күндіз зәкірде тұрған кезде - алдыңғы бөліктің неғұрлым көрінетін жерінде қара шарды алып жүру керек (ені 5 м және одан кем кеме қара шарды алып жүр м е у і н е б о л а д ы) .

134. Мұнай жүктері, олардың қалдықтары, жарылғыш немесе улы заттары бар тұрақта тұрған өзі жүзетін кеме, 133-тармақпен нұсқалған шамдар мен белгілерді және қосымша олардан бөлек - айналма қызыл шамды, күндіз - белгілік "Б" жалауын (қалқанын) алып жүру керек.

135. Тұрақта тұрған құрамдары (салдары) бар итергіштер мен сүйрегіштер осы Ережелердің 135-тармағымен нұсқалған өзі жүзетін жалғыз кеме сияқты шамдар мен белгілерді алып жүру керек.

136. Қайырдағы өзі жүзетін кеме осы Ережелердің 133, 134-тармақтарына

сәйкес ол үшін орнатылған тұрақ шамдарын және одан басқа, егер оның жанынан басқа кемелердің өтуі мүмкін болса кемеңің кеме жолына шығыңқы бөлігінде навигациялық қалқыма белгілер деңгейінде - айналма ақ шамды, егер өту мүмкін болмаса - үш айналма қызыл шарды, күндіз - көрінетін жерде тігінен орналасқан үш қара шарды немесе ұқсас заттарды алып жүру керек.

25-тарау. Салдар мен тіреулік жүзбелі құралдар

137. Қозғалыс барысындағы салдар мыналарды:

1) ұзындығы 60 м кем болған кезде - салдың артқы бөлігінде бір айналма ақ шамды ;

2) ұзындығы 60 м және одан артық, бірақ 120 м кем болған кезде - екі айналма ақ шамдарды (бірі сүйреуші бекітілген бас бөлігінде, басқасы - артқы бөлігінде) ;

3) ұзындығы 120 м және одан артық, бірақ 240 м кем болған кезде - салдың бұрыштарында төрт айналма ақ шамдарды;

4) ұзындығы 240 м және одан артық, бірақ 480 м кем болған кезде - салдың борттары бойында алты айналма ақ шамдарды (екеуі бас бөлікте, екеуі - ортада және екеуі - артқы бөлікте); ұзындығы 480 м және одан артық болған кезде салдың борттары бойында әрбір 240 м (толық немесе толық емес) сайын екі айналма ақ шамдар қосылады ;

5) кошельдік сал - екі айналма ақ шамды, бірі - бас бөлікте, екіншісі - артқы бөлікте ;

6) ұзындығы 60 м кем сал-сигара - сигараның артқы бөлігінде бір айналма ақ шамды, ұзындығы 60 м және одан артық болған кезде - оның шеттерінде бір айналма ақ шамнан алып жүру керек.

138. Сал құрамдары, егер салдағы шамдар дауыл жағдайларынан өшіп қалса және оларды шығарып қою мүмкін болмаса, көлмен немесе су қоймасымен қозғалған кезде басқа кемелердің жақындауымен мезгіл-мезгіл сүйреушінің қуатты жарықтандырғыш құралымен жарықтандырылып тұру керек.

139. Салдар жүріс жолындағы тұрақтарда, жүру кезіндегідей шамдарды алып жүру керек .

140. Қалыптастыру рейдінде тұрған салдар, кеме жолы жағынан әрбір 500 м (толық немесе толық емес) сайын навигациялық белгілердің сәйкес шамдары қандай болса, сол түстес айналма шамдар алып жүру керек.

141. Орман запандары мен айлақтарының орман бағыттаушы және орман қоршаушы қалқыма құрылғыларының шеттерінде, сондай-ақ бар ұзындығы бойымен әрбір 100 м сайын, қалқыма навигациялық белгілердің сәйкес шамдары қандай болса, сол түстес айналма шамдарды алып жүру керек.

142. Қалқыма айлақ-понтондар, насостық станциялар, шомылғылар және басқалар кеме жолына шығыңқы бөлігінде, ұзындығы 50 м кем болған кезде бір

айналма ақ шамды, ұзындығы 50 м және одан артық болған кезде - әрбір 50 м сайын айналма ақ шамдарды алып жүру керек.

26-тарау. Техникалық флоттың кемелері

143. Кез-келген құрылымдағы және мақсаттағы түптереңдету снаряды кеме жолында жұмыс істеген кезде мыналарды:

1) діңгекте бір айналма жасыл шамды;

2) кеме жолының оң белдеуінде жұмыс істеген кезде, жүру жағынан алдыңғы және артқы бөліктерде тент биіктігінде орналасқан қосымша екі айналма (тенттық) қызыл шамды; сол белдеуінде жұмыс істеген кезде - сәйкес екі айналма жасыл шамды (кеме жолына көлденең жұмыс істеген кезде - су асты өткелдері үшін траншеялар дайындау және басқалар - жоғарыда көрсетілген екі тенттық шамдар жерснарядының алдыңғы және артқы жақтарында шеттеріне сәйкес орналасу керек);

3) рефулерлік снарядтың қалқыма топырақөткізгішінде - әрбір 50 м сайын айналма шамдарды (топырақ кеме жолының оң жақ жиегінің сыртына төгілгенде қызыл, сол жақ сыртына - ақ) алып жүру керек.

144. Кеме жолының бар ені бойынша жұмыс істеген кезде көпқалақтық жерснаряды бір айналма жасыл шамды, діңгекте қосымша - төрт тенттік шамды (екі қызыл, кеме жолының сол жақ жиегіне қараған жағында, екі жасыл - оң жағына) алып жүру керек.

145. Су асты жұмыстарымен (сүңгуір жұмыстарынсыз кемелерді көтеру, құбырларды, кабельдерді жүргізу және басқалар) айналысатын түптазалау снарядтары мен кемелері діңгекте бір айналма жасыл шамды, күндіз - белгілік "А" жалауын (қалқанын) алып жүру керек.

146. Кеме жолында немесе оның сыртында топырақ өндіретін қалқыма крандар және түптереңдету снарядтары (тек қана кеме жолының шекарасынан тыс жұмыс істеген кезде) зәкірде тұрған өздігінен жүзбейтін сәйкес мөлшерлі кемелер сияқты шамдарды алып жүру керек.

147. Сүңгуір жұмыстарымен айналасатын кеме тігінен орналасқан екі айналма жасыл шамды, күндіз - екі белгілік "А" жалауын (қалқанын) алып жүру керек.

148. Өздерінің негізгі амалдарын орындаумен айналысып тұрмаған, суасты жұмыстарын жүргізуге арналған жүру барысындағы және тұрақта тұрған түптереңдету және түптазалау снарядтары сәйкес өзі жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелер сияқты шамдар мен белгілерді алып жүру керек, бұл кезде топырақөткізгіште әрбір 50 м сайын айналма ақ шамдар қойылу керек.

27-тарау. Балық аулайтын кемелер

149. Құралдарда тұрған, өзендерде ау құратын немесе жіберілген аумен бірге ағыс бойымен жүзетін балық аулайтын кеме, оң жағалауда жұмыс істеген кезде

діңгекте - тігінен орналасқан екі қызыл, сол жағалауда - екі ақ айналма шамдарды; күндіз - екі қызыл немесе екі ақ сәйкес белгілік жалауларды алып жүру керек. Жіберілген құралдар бойымен әрбір 100 м сайын қайықтарда немесе басқа құралдарда сәйкес қалқыма навигациялық белгілерінің түсімен түстес айналма шамдар шығарылып қойылу керек.

150. Осы Ережелердің 149-тармағында көрсетілген кеме жанынан өтетін кемелерді алдын-ала мынадай белгілермен: түнде оң жағалауда жұмыс істеген кезде - қызыл шамды жыпылықтатумен, сол жағалауда - ақ шамды жыпылықтатумен; күндіз - сәйкес қызыл немесе ақ бұлғаужалауымен ескерту керек. Жанынан өтетін кеме сәйкес борттан бұлғау беру арқылы өту жағын
р а с т а у к е р е к .

151. Көлдерде және су қоймаларында, сондай-ақ навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар учаскелерде балық аулаумен айналасатын кеме мыналарды:

1) тралдеу кезінде - тігінен орналасқан екі айналма шамды (олардың ішінде жоғарғысы - жасыл, төменгісі - ақ); күндіз төбелерімен қосылған екі конустан тұратын белгіні (кеме ұзындығы 20 м кем кезде көрсетілген белгінің орнына кәрзеңке қойылуына болады);

2) аулаудың басқа (тралдеуден бөлек) түрлері кезінде - тігінен орналасқан екі айналма шамдарды (олардың ішінде жоғарғысы қызыл, төменгісі - ақ); күндіз - 151-тармақтың 1-тармақшасына сәйкес тралдеу кезіндегідей белгіні (немесе кәрзеңке);

3) егер ол суға қатысты жүрісі болса, осы Ережелердің 151-тармағының 1,2-тармақшаларында көрсетілген шамдарға қосымша тағы да 108-тармақтың 2 және 3-тармақшаларымен нұсқалған борттық және артқы шамдарды алып жүру керек.

152. Жүру барысындағы немесе тұрақта тұрған балық аулаудан бос балық аулайтын кеме сәйкес мөлшерлі өзі жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін кеме сияқты шамдарды алып жүру керек.

153. Балық аулап жүрген кемелерге мыналарға:

- 1) балық аулау құралдарын кеме жолының жартысынан артығына торлауға;
- 2) көпірлердің кемежолдық аралықтарынан 1.0 км кем қашықтықта кеме жолына балық аулау құралдарын торлауға;
- 3) шектеулі 1.0 км кем көру мүмкіндігі кезінде кеме жолына шығуға;
- 4) жақындаған кемелердің алдында балық аулау құралдарын торлауға тыйым салынады.

5-бөлім. Дыбыстық белгілер

28-тарау. Жалпы талаптар мен анықтамалар

154. Ұзындығы 7 м және одан артық механикалық қозғалтқышты кемелердің, сондай-ақ түптереңдету снарядтарының ұзақ және қысқа дыбыстар шығаруға

кабілетті дыбысбелгілік құрылғылары болу керек.

Бұл құрылғылармен берілетін дыбыстық белгілер ұзындығы 20 м және одан артық кемелерден берілгенде - 2.0 км кем емес, ұзындығы 20 м кем кемеден берілгенде - 1.0 км ара қашықтыққа естілуі керек.

155. Түнде дыбыстық белгілер жарықпен (қуатты жарықтандырғыш құралмен, айналма ақ шаммен) қайталануы мүмкін, бұл кезде жарықтың сәулесі басқа кемелердің кеме жүргізушілерін шағылыстырмау керек.

156. "Қысқа дыбыс" термині ұзақтығы 1 с, "ұзақ дыбыс" ұзақтығы 4 секундтан 6 секундқа дейін созылатын дыбысты білдіреді.

157. Экипажы бар өздігінен жүзбейтін кемең дыбыстық белгілерді беру үшін қоңырауы немесе металдық затты болу керек.

158. Үлкен елді мекендерде және жолдың кей учаскелерінде (апат оқиғаларының белгілері мен авария жағдайларының алдын алу үшін арналған белгілерден басқа) дыбыстық белгілердің берілуі жергілікті ережелермен шектелуі мүмкін.

159. Осы Ережелермен нұсқалған белгілер орнына қате есептелуі мүмкін дыбыстық белгілердің берілуіне тыйым салынады.

29-тарау. "Ескерту" белгісі

160. Кеме осы жағдайдан туындайтын, осыған байланысты шаралардың (қозғалысты тоқтатқанға дейін) қабылдануын талап ететін қауіп туралы басқа кемеңі ескерткісі келген кезде, бестен кем емес қысқа дыбыстарды беру керек.

161. Сәйкес дыбысбелгілік құрылғылар болмаған кезде, өздігінен жүзбейтін кемелер бұл белгіні қоңырау немесе металл затты жиі ұру арқылы беру керек.

30-тарау. "Борт сыртында адам" белгісі

162. Борт сыртына адам құлаған кезде және суға батқанды құтқарған кезде кеме үш ұзақ дыбыс беру керек.

31-тарау. Шектеулі көру кезіндегі белгілер

163. Жүру барысындағы өзі жүзетін кеме шектеулі көру мүмкіндігі кезінде 2 минуттан артық емес уақыт аралығы сайын бір ұзақ дыбыс беру керек.

164. Кемелерді немесе салдарды итеретін немесе сүйрейтін кеме шектеулі көрініс кезінде 2 минуттан артық емес уақыт аралығы сайын бір ұзақ және екі қысқа дыбыс беру керек.

165. Кеме жолының шекарасында зәкірде немесе қайырда тұрған өзі жүзетін жалғыз кеме немесе құрам шектеулі көру мүмкіндігі кезінде жақындаған кемелерді ескерту үшін бір қысқа, бір ұзақ және бір қысқа дыбыстар беру керек. Экипажы бар өздігінен жүзбейтін кеме бұл жағдайда қоңырауды немесе металл затты жиі ұру арқылы белгі беру керек.

32-тарау. Маневр нұсқаулары мен ескерту белгілері

166. Бір-бірінің көз алдында орналасқанда кемелермен қолданылатын
б е л г і л е р м ы н а д а й :

- 1) бір қысқа дыбыс - "Мен өз бағытымды оңға өзгертемін";
- 2) екі қысқа дыбыс - "Мен өз бағытымды солға өзгертемін";
- 3) үш қысқа дыбыс - "Менің қозғалтқыштарым артқа жол жүру үшін жұмыс
ж а с а й д ы " ;
- 4) төрт қысқа дыбыс - "Мен айналым жасамақпын", "Мен тоқтамақшымын";
- 5) бір қысқа және бір ұзақ дыбыстар - "Жүрісті арттыруды сұраймын";
- 6) бір ұзақ және бір қысқа дыбыстар - "Жүрісті азайтуды сұраймын";
- 7) бір ұзақ, бір қысқа және бір ұзақ дыбыстар "Радиобайланысқа шығуды
с ұ р а й м ы н " ;
- 8) күндіз бұлғау жалауының, түнде ақ шамның көлденең қозғалысы - "
Т о қ т а у ы ң ы з д ы с ұ р а й м ы н " ;
- 9) бір ұзақ, бір қысқа, бір ұзақ және бір қысқа дыбыстар - "Мен Сізді түсіндім
" д е г е н м а ғы н а л а р д ы б і л д і р е д і .

167. Айлаққа, кемежайларға жақындаған кезде жолаушылар кемесі бір ұзақ дыбыс, жолға шығарда - бір ұзақ және үш қысқа дыбыстар беру керек.

33-тарау. Апат белгілері

168. Кеме апатқа ұшырағанда және көмек талап еткенде, келесі белгілерді пайдалану немесе шығарып қою керек (бірге немесе бөлек қолданыла алады):

- 1) дыбыстық белгілерді беруге арналған кез-келген аппаратпен үздіксіз дыбыстық белгі беру, сондай-ақ қоңырау немесе металл затты үздіксіз соғу керек ;
- 2) айналма шаммен, қуатты жарықтандырғыш құралмен жиі жыпылықтау немесе жалауды немесе шамды (жоғары-төмен) тігінен қозғау;
- 3) қызыл жұлдыздар шашатын, қысқа уақыт аралағында бір-бірден жіберілетін ракеталарды немесе гранаталарды;
- 4) қызыл түсті парашюты бар ракета немесе қызыл түсті фальшфеер;
- 5) жанып тұрған смолалы немесе майлы бөшкеден кемедегі жалын;
- 6) үстінде немесе астында шар немесе шарға ұқсас бірдеме орналасқан шаршылы жалаудан тұратын белгі;
- 7) жан-жаққа созылған қолдардың жәй және қайталана көтерілуі мен түсірілуі ;
- 8) апаттың радиотелеграфтық белгісі;
- 9) апат туралы радиотелефон хабарламасы.

169. Жоғарыда аталған белгілерді апат және көмек қажеттілігін көрсетуден басқа мақсаттарда қолдануға немесе шығарып қоюға тыйым салынады.

6-бөлім. Шағын өлшемді және желкенді кемелердің жүзуі

170. Осы бөлімнің ережелері ішкі су жолдарындағы шағын өлшемді (желкенділерді қоса алғанда) және желкенді шағын өлшемді емес кемелерге таратылады және басқа бөлімдердің ережелерін ескере отырып қолданылу керек.

34-тарау. Шағын өлшемді және желкенді кемелердің қозғалу тәртібі

171. Жалғыз немесе сүйретілетін (итерілетін) шағын өлшемді кемелермен бірге келе жатқан шағын өлшемді кемелер, сондай-ақ желкенді кемелер кеме жолының шегінен (орнатылған қозғалыс белдеулерінен немесе навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар ұсынылған бағыттардан) тыс жүру керек. Жол шарттарына байланысты мұндай қозғалыс мүмкін болмаған жағдайда, олар кеме жолы бойымен жолдың оң жиегін жағалай, одан 10 м дейін аралықта бір қатармен жүре алады. Бұл кезде олар шағын өлшемді емес кеме жолындағы кемелердің қозғалысын және маневр жасауын қиындатпау керек, ол үшін дыбыстық және көзбен көру белгілерімен ауыспай-ақ олардың жолынан алдын-ала кетуде керек.

172. Шағын өлшемді және желкенді кемелер қажет болғанда кеме жолын қиып (орнатылған қозғалыс белдеулерінен немесе навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар ұсынылған бағыттардан) өте алады, сондай-ақ кеме жолын қия отырып, ереже ретінде, өтіп бара жатқан шағын өлшемді кемелердің артынан айналуына болады. Жақындаған кемелердің бағытын қиып өту маневрі оларға 0.5 км кем емес аралықта аяқталу керек. Қиып өту тік бұрышқа жақын бұрышпен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде жасалуы керек. Кеме жолын нұсқалған орындарда қиып өту жағдайларында бұл шарттар да орындалуы керек.

173. Шағын өлшемді және желкенді кемелерді шлюздар арқылы өткізу, қолданылып жүрген олар арқылы кемелерді өткізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

174. Шағын өлшемді және желкенді кемелерге, олар өндірістік тапсырмаларды орындағаннан басқа жағдайларда, мыналарға:

1) жүріп келе жатқан немесе тұрған шағын өлшемді емес кемелердің, жерснарядтарының, жүзбелі крандар мен басқалардың жанында және олардың арасында маневр жасауға немесе тоқтауға;

2) кеме жолының шегінде (қозғалу белдеуінде, ұсынылған бағытта), сондай-ақ қалқыма навигациялық белгілердің жанында тоқтауға немесе зәкірге тұруға;

3) жолаушы және жүк айлақтарының, дебаркадерлердің жанында, олардан 200 м кем аралықта жоғары және төмен тоқтауға;

4) көру мүмкіндігі 1.0 км кем шектеулі кезде, ал желкенді кемелерге мұнан басқа түнде де, кеме жолына шығуға тыйым салынады.

175. Желкен астында келе жатқан, сонымен бірге мотормен қозғалысқа келтірілетін шағын өлшемді емес кемеге кеме жолында түнде жүзуге тыйым

салынады, ал күндіз осы Ережелердің 171-тармағына сәйкес тек қана 10 метрлік белдеу шекарасында ғана рұқсат етіледі.

176. Көру мүмкіндігі 0.5 км шектеулі жағдайда, сондай-ақ 0.5 км кем ара қашықтықта жарықтандырылмаған бағдарнамалар қарусыз көзбен танылатын тәуліктің қараңғы кезінде, жылдам шағын өлшемді кеме тек қана суығыстырғыш жағдайда қозғалысты жүзеге асыра алады.

177. Шағын өлшемді және желкенді кемелерге кеме жолы бойымен 10 метрлік белдеуден тыс жүзу тек қана кеме жүрісін реттейтін органдармен келісілген шарттарда спорттық және басқа ұйымдастырылған шараларды өткізген кезде ғана рұқсат етілуі мүмкін.

178. Айлақтардың акваторияларында, арналарда және жолдың бөлек учаскелерінде шағын өлшемді және желкенді кемелердің жүзуіне жергілікті ережелермен тыйым салынуы немесе шектелуі мүмкін, немесе олар үшін бөлек қозғалу белдеулері орнатылуы мүмкін.

179. Шағын өлшемді және желкенді кемелер шектеулі көру мүмкіндігі кезінде су қоймаларында, көлдер мен навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар аудандарда жүзу кезінде осы бөлімнің ережелерінен басқа, осы Ережелердің 40-бөлімін басшылыққа алу керек.

35-тарау. Шағын өлшемді және желкенді кемелермен айырылу және басып озу

180. Осы бөлімде белгіленген ережелер шағын өлшемді және желкенді кемелерге кеме жолынан тыс жүзген кезде, оны қиып өткенде, навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар учаскелерде жүзгенде, сондай-ақ бұл кемелер кеме жолында бірін-бірі басып озған жағдайларда таратылады.

181. Қарсы келген бағыттарда келе жатқан екі шағын өлшемді моторлы кемелер сол борттарымен айырылу керек.

182. Екі шағын өлшемді моторлы кемелер қиылысатын бағыттарда жақындасқанда, өзінің оң жағында басқасы бар кеме жол беру керек.

183. Егер екі желкенді кеме соқтығысу қаупі мүмкін болатындай етіп жақындаса, олардың ішінде бірі екіншісіне мынадай әдіспен жол беру керек:

1) кемелер әртүрлі галстармен келе жатса, онда сол галспен келе жатқан кеме басқа кемеге жол беру керек;

2) кемелер бір галспен келе жатса, онда желдегі кеме, жел астындағы кемеге ж о л б е р у к е р е к ;

3) егер сол галспен келе жатқан кеменің жел жағында басқа кеме болса және ол басқа кеменің оң немесе сол галспен келе жатқанын анықтай алмаса, онда бұл с о л к е м е г е ж о л б е р у к е р е к .

184. Моторлы кеме желкендімен қақтығыс қаупі болатындай етіп жақындасса , моторлы кеме желкендіге жол беру керек.

185. Басқа кемеге оның артқы шамының (шамдар) секторында, яғни траверз соңынан 22.5 градус артық бағыттан жақындаған шағын өлшемді немесе желкенді кеме басып озатын болып есептеледі және оның моторлы немесе желкенді екеніне қарамастан, басып озылатын кеме оның жолынан тыс жүріп отырып, мынадай тәсілдермен айналып өте алады:

1) кеме жолында - тек қана оның сол борты бойымен; басып озылатын шағын өлшемді кеме жылдамдықты азайту арқылы тезірек басып озуға септігін тигізу керек (бұл кезде траверзде бір мезгілде екі кеме болуына тыйым салынады);

2) кеме жолынан тыс, оны қиып өткенде және навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар учаскелерде - кез-келген борт бойымен.

186. Шағын өлшемді және желкенді кемелер айырылу мен басып озуды бұлғаулармен ауыспай-ақ жасай беру керек, бұл кезде олар өз әрекеттерін осы Ережелердің 166-тармағына сәйкес маневр нұсқауларының дыбыстық белгілерімен көрсете алады.

36-тарау. Шағын өлшемді және желкенді кемелердің шамдары, белгілері мен дабылдары

187. Ескекпен, желкен астында немесе сүйретіліп келе жатқан шағын өлшемді кеме айналма ақ шамды алып жүру немесе оны дайындап, басқа кемелер жақындағанда көрсету керек; желкенді шағын өлшемді кеме шамдарды осы Ережелердің 190-тармағына сәйкес алып жүре алады.

188. Стационарлық немесе аспалық моторлы шағын өлшемді кеме, оның қуатына қарамастан, жүру барысында борттық және артқы шамдарды алып жүру керек; борттық шамдар бір қол шамда қиыстырылуы мүмкін.

189. Басқа (басқалар) шағын өлшемді кеме сүйрететін немесе итеретін шағын өлшемді кеме, осы Ережелердің 187, 188, 192-тармақтарымен көзделген сәйкес жалғыз кеме шамдарды және белгілерді алып жүру керек.

190. Ұзындығы 7 м және артық желкенді кеме жүру барысында мыналарды:

1) б о р т т ы қ ш а м д а р д ы ;

2) а р т қ ы ш а м д ы ;

3) діңгек топы жанында тігінен орналасқан екі айналма ақ шамдарды (олардың ішінде жоғарғысы - қызыл, төменгісі - жасыл) алып жүру немесе басқа кемелер жақындаған кезде желкенді ақ жыпылықтайтын жарықпен ж а р ы қ т а н д ы р у к е р е к .

191. Ұзындығы 20 м кем желкенді кемелерде борттық немесе борттық және артқы шамдар бір қол шамда қиыстырылуы мүмкін; борттық және артқы шамдарды қиыстырған кезде, 190-тармақтың 3-тармақшасында көрсетілген шамдарды алып жүруіне тыйым салынады.

192. Желкен астында келе жатқан және сонымен бір мезгілде мотормен қозғалысқа келтірілетін кеме, күндіз неғұрлым жақсы көрінетін жерде төбесі

төмен қараған қара конус түріндегі белгіні, түнде - осы Ережелердің 108 және 188-тармақтарына сәйкес, өзі жүзетін сәйкес өлшемді кеме сияқты шамдарды алып жүру керек.

193. Басқа кемелер жүзуі мүмкін жерде зәкірде тұрған кезде шағын өлшемді немесе желкенді кеме бір айналма ақ шам алып жүру керек.

194. Балық аулаумен, сүңгуір және басқа жұмыстармен айналасатын шағын өлшемді немесе желкенді кеме, оларды орындау кезінде осы Ережелермен көзделген қосымша шамдарды (белгілерді), орындалып жатқан жұмыс мінездемесіне сәйкес алып жүру керек.

195. Басқа кемелердің қозғалыс жолында жүрісін немесе басқаруын жоғалтқан шағын өлшемді немесе желкенді кеме, бұл туралы оларды алдын-ала күндіз байқалатын затты басынан жоғары айналдыру арқылы, түнде - ақ шамды айналдыру арқылы ескерту керек. Осы белгілерге қосымша дыбыстық "Ескерту" белгісі берілуі мүмкін (30-тарау).

196. Апатқа ұшыраған немесе көмекті қажет ететін шағын өлшемді немесе желкенді кеме осы Ережелердің 34-тараумен көзделген белгілерді бере алады.

197. Ұзындығы 7 м және одан артық желкенді кемеңіздің 1.0 км кем емес аралықта естілетін қысқа және ұзақ дыбыстар шығаратын дыбысбелгілік құрылғысы болу керек.

198. Су қоймаларында, көлдерде және навигациялық жабдықтың түпкілікті жүйесі бар учаскелерде шектеулі көрініс кезінде жүру барысындағы және тұрақтағы шағын өлшемді және желкенді кемелер осы Ережелердің 213-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген дыбыстық белгілерді, ал сәйкес дыбысбелгілік құрылғылар болмаған кезде - қоңырауды немесе металл затты жиі соғу арқылы "Ескерту" белгісін беру керек (30-тарау).

7-бөлім. Навигациялық жабдықтың түбегейлі жүйесі бар учаскелерде кемелердің жүзуі

37-тарау. Жалпы ережелер

199. Навигациялық жабдықтық түбегейлі жүйесі бар учаскелердің шекаралары жергілікті ережелерде, лоцияларда немесе навигациялық сызбаларда көрсетіледі.

200. Осы тараудың ережелерімен ескерілмеген жағдайларда, жылдам, желкенді және шағын өлшемді кемелерді қоса алғанда, барлық кемелер навигациялық жабдықтың түбегейлі жүйесі бар учаскелер бойынша жүзген кезде осы Ережелердің басқа тарауларының талаптарын орындауы керек.

201. Егер кеме басқа кемеге оның артқы шамының (шамдарының) секторында, яғни оның траверз соңынан 22.5 градус бағыттан жақындаса, онда кеме басып озатын болып есептеледі. Егер кемеңіз басып озатын екеніне қатысты күмән болса, онда бұл дәл солай деп есептеп және соған лайық іс-әрекет жасау керек.

202. Егер кеме қозғалтқыштардың, қозғағыштардың, корпустың руль құрылғыларының, басқа тетіктердің бұзылуына немесе гидрометеорологиялық құбылыстардың қиын әсерлеріне байланысты (4 парақтағы 5-қосымша) осы Ережелердің талаптарына сай маневр жасай алмаса, кеме басқарылу мүмкіндігінен айрылған болып саналады.

203. Басқарылу мүмкіндігінен айрылған кеме неғұрлым жақсы көрінетін жерде тігінен орналасқан екі айналма қызыл шамдарды; егер оның суға қатысты жүрісі болса, онда қосымша - борттық және артқы (артқыларды) шамдарды алып жүру керек. Күндіз бұндай кеме неғұрлым жақсы көрінетін жерде тігінен орналасқан екі қара шар немесе ұқсас заттарды алып жүру керек.

204. Балық аулаумен айналысатын кемелер бекітілген қозғалыс белдеулерімен немесе ұсынылған бағыттармен келе жатқан кемелердің қозғалысын қиындатпау керек.

205. Жүріс кезінде әрбір кеме (басып озу жағдайын алып тастағанда) мына тізімде өзінен кейін көрсетілген кемелерге жол беру керек:

1) механикалық қозғалтқышы бар жалғыз кеме, құрамды (салды алып тастағанда) итеретін немесе сүйрейтін кеме;

2) желкенді кеме;

3) балық аулаумен айналысатын кеме;

4) салды сүйрейтін кеме;

5) басқарылу мүмкіндігінен айрылған, суасты немесе сүңгуір жұмыстарымен айналысатын кеме.

206. Гидроұшақ суда барлық кемелерден тыс тұру және олардың қозғалысын қиындатпау керек. Бірақ қақтығысу қаупі болған жағдайларда ол осы бөлімнің ережелерін механикалық қозғалтқышы бар кеме сияқты, бірақ дыбыстық белгілер мен бұлғауларды бермей, орындау керек.

38-тарау. Кемелердің айырылуы және басып озу

207. Осы тараудың ережелері бір-бірінің көз алдында орналасқан механикалық қозғалтқышы бар кемелерге қолданылады. Бұл тарауда "кеме" термині, сал құрамдарын алып тастағанда, кемелер мен құрамдарды білдіреді.

208. Екі кеме қарама-қарсы немесе қарама-қарсы дерлік бағытта қақтығысу қаупі пайда болатындай жақындасқанда, олардың әрқайсысы сол жақ борттарымен өтіп кету үшін өзінің бағытын оңға қарай өзгерту керек. Егер мұндай жағдайдың бар екеніне қатысты күмән болса, онда жағдай бар деп есептеп, соған лайық іс-әрекет жасау керек.

209. Екі кеме қиылысатын бағыттармен, қақтығысу қаупі пайда болатындай келе жатса, онда өзінің оң жағында басқасы бар кеме соған жол беру керек; бұл кезде ол басқа кемемен бағытын алдынан қиып өтпеу керек.

Жол берілген кеме өз бағытын және жылдамдығын сақтауға міндетті.

Дегенмен, жол беруге міндетті кеме бұл үшін сәйкес әрекеттерді қабылдамай тұрғаны ол үшін айқын болғанда, кеме тек қана өзі маневр жасау арқылы қақтығысудан құтылу үшін шаралар қабылдау керек.

210. Басып озу кезінде басып озатын кеме (желкенді және салды сүйрейтіндерді қоса алғанда) басып озылатын кеме толығымен өтіп кеткенше және артта қалғанша оның жолынан шеткері жүру керек.

211. Маневр жасау кезінде, айырылу мен басып озуды қоса алғанда, механикалық қозғалтқышы бар кемелер (шағын өлшемділерді алып тастағанда) өз маневрларын, осы Ережелердің 166-тармағына сәйкес, дыбыстық белгілер беру арқылы білдіру керек.

39-тарау. Бір-бірінің көз алдында орналаспаған кемелердің жүзуі

212. Осы ереже көру мүмкіндігі шектеулі аудандарда немесе осындай аудандардың жанында жүзетін бір-бірінің көз алдында орналаспаған кемелерге (соның ішінде радиолокаторы, УҚТ радиостанциялары жоқтарына) қатысты.

213. Көру мүмкіндігі шектеулі аудандарда немесе олардың жанында кемелер осы Ережелердің 32-тарауымен көзделген белгілерден басқа, мына белгілерді:

1) механикалық қозғалтқышы бар жүріс барысындағы, бірақ суға қатысты қозғалысы жоқ (дрейфтегі) кеме әрбір 2 минуттан артық емес уақыт сайын - екі ұзақ дыбысты;

2) басқарылу мүмкіндігінен айрылған, балық аулаумен айналысатын кеме, сондай-ақ ұзындығы 7 м және одан артық жүріс барысындағы желкенді кеме әрбір 2 минуттан артық емес уақыт сайын - бір ұзақ және екі қысқа дыбысты;

3) көзбен көрінетіндей болып жақындаған кезде - осы Ережелердің 166-тармағында көрсетілген дыбыстық белгілерді беру керек.

214. Әрбір кеме шектеулі көру мүмкіндігінің астам жағдайлары мен шарттарына қатысты орнатылған қауіпсіз жылдамдықпен қозғалу керек. Механикалық қозғалтқышы бар кеме өз машиналарын шапшаң маневр жасауға дайын ұстау керек. Жылдам кеме су ығыстырғыш жағдайда жақын қауіпсіз тұраққа дейін ғана жүру керек.

215. Басқа кемең бар екендігін тек қана радиолокатор көмегімен айқындаған кеме, шамадан тыс жақындау жағдайының дамуын және (немесе) қақтығысу қаупінің бар ма екендігін анықтау керек. Егер бұл осылай болса, онда ол дер кезінде айырылу үшін әрекеттер қабылдау керек. Осы арада әрекет бағыт өзгерту болып табылса, онда мүмкіндігінше мыналарды:

1) егер басқа кеме траверз алдында орналасса және басып озылатын болмаса, онда бағытты солға өзгертуді;

2) траверзде немесе траверз соңында орналасқан кеме жағына бағыт өзгертуді болдырмау керек.

216. Өз траверзі алдында деп шамалаған басқа кемеңің тұманды белгісін естіген немесе траверз алдында орналасқан басқа кемемен жаңадан тыс жақындасудан сақтана алмайтын әрбір кеме, жүрісін ең азға дейін кеміту немесе, егер қажет болса, қозғалысын тоқтата тұруы сәне кез-келген жағдайда қақтығысу қаупі өткенше өте ақырын жүріп отыру керек.

40-тарау. Ерекшеліктер

217. Осы Ережелер күшіне енгеннен кейін 10 жыл ішінде кез келген өзі жүзетін кеме, осы Ережелермен нұсқалған көлденең орналасқан екі артқы шамның орнына, бұрын орнатылған көкжиектің 180 градус доғасын жарықтандыратын екі гакабортты шамдарды алып жүруіне болады.

218. Сүйрегіштер мен итергіштер осы Ережелер күшіне енгеннен кейін 5 жыл мерзімге дейін сүйреу шамын орнатудан босатылады. Ол орнатылғанша сүйрегіштер кемелерді, құрамдарды және салдарды сүйреген кезде, осы Ережелердің 120-тармағында көзделген, сәйкес өлшемді жүру барысындағы жалғыз өзі жүзетін кеме сияқты шамдарды алып жүру керек, ал итерумен айналысатын кемелер - диаметральды жазықтықта орналасқан бір артқы шамды және одан төмен бұрын қойылған, көлденең орналасқан екі ақ гакабортты шамдарды (итерушінің ені 5 м және одан кем болған кезде - бір артқы шамды) а л ы п ж ү р у к е р е к .

219. Әскери кемелер осы Ережелердің көру қашықтығына, жарықтандыру секторларына, шамдар мен белгілердің өзара орналасуына және дыбыстық белгілердің естілу қашықтығына қатысты талаптарын, олардың қызметтері мен құрылымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, бірақ осы Ережелердің қолданылуын қиындатпайтындай етіп орындай алады.

220. Әскери кемелер және кемелер осы Ережелермен көзделмеген, бірақ қателесіп осы Ережелермен көзделген шамдардың, белгілердің немесе дабылдардың орнына есептеуге болмайтын, қосымша шамдар мен белгілерді алып жүре алады және дыбыстық және жарықтық белгілерді бере алады.

8-бөлім. Кемелерді және басқа жүзу құралдарын пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың жауапкершілігі

221. Кемелерді, салдарды және басқа жүзу құралдарын қолданатын және пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдіктерді, осы Ережелермен белгіленген талаптарды орындамағаны немесе күнделікті кеме жүргізу тәжірибесімен немесе берілген шарттың ерекше жағдайларымен орындалуы талап етілетін қандай болмасын сақтықты елемеуден болуы мүмкін салдарлар үшін жауапты.

9-бөлім. Кемелерді және басқа жүзу құралдарын пайдаланатын заңды тұлғалардың міндеттері

222. Қарамағында ішкі су жолдарындағы көпірлер, бөгеттер және басқа ғимараттар бар шаруашылықпен айналысатын субъектілер мыналарға:

1) ғимараттар ауданында өз қаржылары есебінен навигациялық қоршауларды (стационарлық және қалқыма белгілерді) және кемелердің қауіпсіз өтуін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2) табиғатты қорғау органдарымен келісім бойынша ғимараттардың ауданында түптереңдету мен тазалауды жүргізуге;

3) ішкі су жолдары бойынша жүзу ережелеріне сәйкес қалқыма көпірлердің кеме жолы аралықтарын (кеме иелерінен қосымша қандай болмасын ақы алмай) ашуға міндетті.